

"Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 710 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 851 қаулысы. Қызылорда облысының Эділет департаментінде 2015 жылғы 10 наурызда № 4905 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 461 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

"Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 710 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4777 нөмірімен тіркелген, "Қызылординские вести" және "Сыр бойы" газеттерінде 2014 жылғы 31 қазанында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

atalfan қаулының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылсын;

atalfan қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса берілген "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.";

atalfan қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі";

atalfan қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақта:

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-1), 41-2) және 41-3) тармақшалармен

толықтырылсын:

"41-1) дene шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді;

41-2) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе береді;

41-3) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі".

"Қызылорда облысының дene шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастын шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бакылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

K. Көшербаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК